

Ата-аналар жиналысының мәліметі – 8 Б сынып

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде ақпан айының 6 – күні ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығында «Бұлақ көрсең көзін аш» атты ата-аналармен бірлескен өзара әрекеттерді ұйымдастыру бойынша жиналыс өтілді.

Ата-аналар жиналысының негізгі мақсаты – мектеп пен ата-ана арасындағы серіктестікті күшейту, баланың оқу-тәрбиесіне бірлесіп ықпал ету.

Нақтырақ айтқанда, жиналыс мына мақсаттарды көздейді.

Оқушының оқу үлгерімі мен тәртібі туралы ақпарат беру. Ата-аналардың жауапкершілігін арттыру, бала тәрбиесіне белсенді қатыстыру. Мектеп пен отбасының бір бағытта жұмыс істеуін қамтамасыз ету. Кездесетін мәселелерді (тәртіп, үлгерім, телефон, қауіпсіздік т.б.) бірлесе талқылау. Тәрбиелік құндылықтарды қалыптастыру жолдарын келісу. Ата-аналардың ұсыныс-пікірін тыңдау, кері байланыс алу.

Жиналысқа 8 Б сыныбынан Бегасилов Берік, Жанысбаев Қайсар, Алтаева Ұлтуар және т.б ата-аналар қатысты. Ата-аналар осы арқылы бала тәрбиесінде мектеппен бірлесе жұмыс істеуіміз керек екенін, баланың мінез-құлқындағы өзгерістерге мән бермей жүргенін, телефон мен интернетке бақылауды күшейту қажет екенін, мұғалім еңбегінің қаншалықты жауапты екенін енді тереңірек ұғынғанын, үй мен мектеп талабы бірдей болғанда ғана нәтиже болатынын, баламен сөйлесуге уақыт бөлу керегін, ұсыныстары барын, алдағы уақытта тығыз байланыста болатыны айтты.

Жиналыс соңында ата-аналар мынадай маңызды тұжырымдарға келді.

Баланың тәрбиесі тек мектептің емес, ең алдымен отбасының жауапкершілігі екенін, мұғалім – баланың дамуына бағыт беруші, ал ата-ана – сол бағытты үйде жалғастырушы екенін, телефон, әлеуметтік желі баланың оқуына, мінезіне әсер ететіні, балаға ұрыс емес, түсіністік пен қолдау маңызды екені, уақытында бақылау мен сөйлесу көптеген мәселенің алдын алатыны, мектеппен ашық байланыс – баланың болашағына салынған инвестиция екенін түсініп, ортақ тұжырымға келгендерін айтты.





2026 жылдың 4 ақпан күні Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде “4-ақпан-Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күніне “орай 8 Б сыныбында сынып сағаты өткізілді.

Максаты – оқушылардың интернетті қауіпсіз және жауапты пайдалану дағдыларын қалыптастыру, киберқауіптерден сақтандыру, жеке мәліметтерді қорғау, кибербуллингтің алдын алу және интернеттегі әдептілік мәдениетін арттыру.

Сынып сағаттары барысында оқушыларға:

- интернеттегі қауіпсіздік ережелері;
- жеке ақпаратты қорғау жолдары;
- әлеуметтік желілердегі жауапкершілік;
- кибербуллинг пен интернет алаяқтықтың алдын алу;
- уақытты тиімді пайдалану және интернетке тәуелділіктің алдын алу

тақырыптарында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Іс-шара жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастырылып, бейнероликтер көрсету, сұрақ-жауап, пікір алмасу және практикалық тапсырмалар арқылы өтті.

Аталған сынып сағаттары оқушылардың интернеттегі қауіпсіз мінез-құлық туралы білімін арттырып, саналы әрі жауапты қолдану ықпал етті.



Түркістан облысы, Төлеби ауданының білім бөліміне қарасты Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде

2 наурыз – Алғыс айту күніне орай 8 Б сынып етекшісі «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында тәрбие сағатын өткізді.

Тәрбие сағаттарының негізгі мақсаты – оқушыларды үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге тәрбиелеу, ризашылық пен сыйластықтың маңызын ұғындыру

Сабак барысында оқушылар ата-аналарына, ұстаздарына, достарына және туған еліне деген шынайы алғыстарын білдіріп, жүрекжарды жылы лебіздерімен бөлісті

Алғыс айту – адамгершіліктің асыл қасиеті. Бір-бірімізге мейірім мен ризашылық таныту арқылы қоғамымыздың береке-бірлігін нығайта түсеміз



8 «Б» сыныбында 1 - мамыр Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған ашық тәрбие сағаты жоғары деңгейде өткізілді

Сабак барысында оқушылардың достық пен ізгілік туралы түсініктері қалыптасты.

Бұл шара оқушыларды үлкен-кішіге деген сүйіспеншілікке, сыпайылық қарым-қатынасқа, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеуге өз үлесін қосты



8- мамыр күні 8 Б сынып оқушылары «Батырлар ерлігі – ұрпаққа өнеге» тақырыбында эссе жазды.

Батырлардың ерлігін таныту және олардың Отан үшін жасаған еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу;

– Оқушылардың патриоттық сезімін қалыптастыру;

– Ерлік, батырдық, елге қызмет ету сияқты құндылықтардың маңызын түсіндіру;

– Тарихқа қызығушылықты арттыру.



Жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері

Түркістан облысы Төлеби ауданы Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде
Қауіпсіздік сабағы: 8 Б сыныбы

Жазғы демалыс – балалар үшін көңілді әрі қызықты уақыт. Бірақ демалыс кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау өте маңызды.

Негізгі қауіпсіздік ережелері:

Үйден үлкендердің рұқсатынсыз алысқа шықпау.

Жолдан тек жаяу жүргіншілер өткелі арқылы өту.

Бейтаныс адамдармен сөйлеспеу және бірге кетпеу.

Су жағасында үлкендерсіз ойнамау.

Электр құралдарына қол тигізбеу.

Өткір заттармен ойнамау.

Күн ыстық кезде бас киім кию және көп су ішу.

Өрт қауіпсіздігін сақтау, сіріңкемен ойнамау.

Велосипед, самокат тепкенде абай болу.

Табиғатта коқыс тастамау, ағаштар мен гүлдерді сындырмау.

Қорытынды:

Қауіпсіздік ережелерін сақтау – әр баланың міндеті. Ережені орындасак, жазғы демалысымыз көңілді әрі қауіпсіз өтеді.

